




БІЛІМДІ ИНФОРМАТИК




Бәйге

Жас программист



Қатені тап



Құпия жәшік

Бұл кім?



Б Ә Й Г Е

- Мәліметті енгізу пернесі? (Enter)
- Принтердің неше түрі бар?
- Интернетпен қосылуды жүзеге асыратын заңды тұлға?
- Билл Гейтс алғашқы программасын неше жасында құрды?
- Интернет желісі қай жылы пайда болды?
- Циклдік алгоритм деген не?
- «Көбейтілуге» және басқа программаларға «жұғуға» қабілетті шағын компьютерлік программа қалай аталады?
- LAPTOP қандай компьютер?
- «Компьютердің атасы» деп кімді атаған?
- ЭЕМ-нің неше буыны бар?



ЖАС ПРОГРАММИСТ



$$y = \frac{2x - 3z}{x - 5}$$

АЛГ y есептеу (арг. Бүтін x, z . нәт.бүтін y)

Басы

Енгізу x, z

$$y = (2 * x - 3 * z) / (x - 5)$$

шығару y

соңы



ЖАС ПРОГРАММИСТ

$$y = \frac{2x - 3z}{x - 5}$$

```
program y esepteu;
```

```
real;
```

```
var x, z
```

```
read (x,z);
```

```
y=(2*x-3*z)/(x-5);
```

```
write ('y=',y);
```

```
end.
```



ЖАС ПРОГРАММИСТ

ABC үшбұрышы берілген. Герон формуласымен ауданды табу. $S=?$



Алг у есептеу (арг. Бүтін A, B, C, P , нәт. бүтін S)

Басы

Енгізу A, B, C

$$P := (A + B + C) / 2$$

$$S := \text{SQR}(P * (P - A) * (P - B) * (P - C));$$

шығару S

соңы



ЖАС ПРОГРАММИСТ

ABC үшбұрышы берілген. Герон формуласымен ауданды табу. $S=?$


```
program audan;  
var A,B,C,P: real;  
read (A,B,C);
```

```
    P:=(A+B+C)/2;
```

```
    S:=SQR(P*(P-A)*(P-B)*(P-C));
```

```
write ('S=',S);
```

```
end.
```



ҚАТЕНІ

Мен компьютермен жұмыс істегенде,
міндетті түрде модем мен сканерді іске
қосамын.

Тышқанмен әріптерді теріп, сурет салу керек
болса, сканерді пайдаланамын.

Компьютерге дайын мәтінді қолдан енгізбеу
үшін джойстикті қолданамын.

Ал мәтінді басып алу үшін жүйелік блокқа
қағаз саламын.

Принтер арқылы әндерді тыңдап, динамик деп
аталатын плоттерде құжаттарды сақтаймын.



Жауабы: 8 қате жіберілген.

1. Монитор мен жүйелік блокты іске қосу қажет
2. Әріптер пернетақта арқылы теріледі
3. Сканер сурет салу үшін емес, оны енгізу үшін қолданылады
4. Компьютерге дайын мәтінді жылдам енгізуде сканер пайдаланылады
5. Мәтінді басып алу үшін принтерге қағаз салады
6. Ән тыңдау үшін динамик немесе құлаққап керек
7. Құжаттар компьютердің сыртқы жадында сақталады
8. Плоттердің екінші аты – график сызғыш құрылғы.



ҚАТЕНІ

Мен компьютерде жұмыс істегенді ұнатамын. **ТАП**

Меніңше, сурет салу үшін ең ыңғайлы программа Word графикалық редакторы шығар.

Ол арқылы мен тек сурет салып қана қоймай, оның кез келген бөлігін бояймын.

Оған қоса осы программа арқылы мәліметтерді есте сақтаймын.

Өз жұмысымның нәтижелерін мен векторлық .bmp форматында сақтаймын.



Жауабы: 3 қате жіберілген.

1. Word графикалық редактор емес
2. Word-та суреттің кез келген бөлігін бояу оңай емес
3. Графикалық bmp. форматы векторлық форматқа жатпайды.



ҚҰПИЯ ЖӘШІК

Бұл құралдың жасы 2000-5000
жылдар шамасы.

Бұл құралды гректер мен Батыс
Еуропалықтар «абак» деп,

қытайлықтар «суанпан» деп, жапондықтар
«серобян» деп атаған.

Жәшіктің ішінде қандай құрал бар?

Жауап : Есепшот



БҮЛ КІМ?




Бұл кісі 1902 жылдың 2 қарашасында Нижний Новгородта мұғалімдер жанұясында дүниеге келген. 1928 жылы инженер-электрик мамандығын алып Бауман атындағы университетте сабақ берген. 1939 жылы докторлық диссертация қорғаған. 1947 жылы электротехника институтының директоры болып тағайындалды. Бұрынғы Кеңестер Одағында бірінші ЭЕМ 1947-1948 жылдары осы академиктің басшылығымен жасалады, оны МЭСМ деп атаған.

Жауап : Сергей Алексеевич Лебедев



БҰЛ КІМ?




Есептеуіш техниканың қарқындап дамуы ХІХ ғасырдан басталады. 1833 жылы бұл ғалым бағдарлама арқылы басқарылатын «Аналитикалық машина» жобасын жасады. Сондықтан да оны қазіргі компьютердің атасы деп те атайды.

Жауап : Чарлз Бэббидж



БҮЛ КІМ?



XIX ғасырдың соңында американдық ғалым есепші – перфорациялық машина құрастырды. Өз машинасының көмегімен бұл ғалым көп адамдар жеті жыл бойы есептейтін есептеулерді үш жылда орындап шықты. Бұл кісі есепші перфорациялық машиналар фирмасының негізін қалады, кейін ол дүние жүзіне әйгілі компьютер шығаратын IBM фирмасына айналады.

Жауап : Герман Холлерит



БҮЛ КІМ?



Дүние жүзі бойынша алғашқы 1846 жылы Бэббидж машинасына бағдарлама жазған бұл ғалым – әйел бірінші программист болып саналады. Бұл әйел атақты Байронның қызы.

Жауап : Ада Лавлейс



БҰЛ КІМ?



1642 жылы бұл француз математигі он тоғыз жасында дүние жүзінде бірінші рет қосу машинасы деген атпен белгілі, жетектер мен дөңгелектерден тұратын механикалық есептеу машинасын құрастырды.

Жауап : Блез Паскаль



БҮЛ КІМ?



Қазіргі таңда бұл адам атақты „Microsoft„ компаниясының президенті. 13 жасында алғаш программасын құрған.

Жауап : Билл Гейтс



САЙЫС ЖЕҢІМПАЗДАРЫН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!!!

9 “А” сынып



9 “Б” сынып

